

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055.
Vol. 13. Is. 3, pp. 659-676, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_659-676

THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)

Berlibay Erdaulet¹, Zhubanyshov Berik^{2}, Aigul M. Smanova³*

¹Kazakh National Women's Teacher Training University
(114 Gogol Str., Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, docent
 <https://orcid.org/0009-0004-8294-1097> E-mail: yerdaulet62@gmail.com

²Kazakh National Women's Teacher Training University
(114 Gogol Str., Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>; E-mail: mr.berik1973@mail.ru
*Corresponding author

³Kazakh National Women's Teacher Training University
(114 Gogol Str., Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, docent
 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256> E-mail: aigulsmanova123@gmail.com

© Ch.Ch. Valihanov IHE, 2026

© Berlibay E.T., Zhubanyshov B.T., Smanova A.M. 2026

Abstract. Introduction. In the history of Kazakhstan, the period of the 1920-50 s is still relevant, filled with complex events that require new scientific research, which must be widely studied and appreciated. The policies pursued by the totalitarian system in these years after the Soviet revolution persecuted millions of innocent people on charges of "enemies of the people," "nationalists," "counterrevolutionaries," etc., imprisoned, deported, shot, and illegally punished. Therefore, it is absolutely necessary to study this period from the point of view of new historical knowledge. The study of the period and the introduction of new valuable data into scientific circulation plays an important role in understanding the truth of national history and educating the younger generation. In order to conduct a scientific assessment with a full understanding of the politics of the totalitarian system of the 1920s–1950s, a deeper analysis of the socio-political, social and legal situation of the dynamics of events is necessary. The lack of a sense of responsibility of the staff of the authorized body caused enormous political damage, which in all cases cannot be justified. The consequences of this policy led to a catastrophe unprecedented in history, which destroyed the traditional system of life of the Kazakh people. The article discusses in detail these processes with archived data. *Goals and objectives.* In order to raise national historical awareness and familiarize the younger generation with history in the 1920s and 1950s, during the implementation of the campaigns of the totalitarian system in Kazakhstan, punitive measures were taken at the state level, which led to a national catastrophe that had serious consequences for the traditional economy of Kazakhstan. our people, with the evaluation of archived data and inclusion in scientific circulation. *Results.* At the beginning of the revolution, the owners of the bourgeoisie fought for socialism, and now the working masses of

the people have been plundered in the struggle for socialism. The Soviet Bolshevik party leaders created a totalitarian system after seizing power. The new system implemented measures that contradict the principles of international law and universal principles of morality. This government policy, based on repression and punishment, separated the Kazakh people from centuries-old historical values. The lawlessness led to the formation of a tragic period, which led to a tragedy with grave consequences for our people. *Conclusion.* The consequences of political and economic repression under totalitarian policy in Kazakhstan from the 1920s to the 1950s are confirmed by new archival data. In our view, with this new data relating to the period under study, we believe that the use of archives in scholarly dissemination of document-based conclusions will not go unnoticed by historians worldwide.

Keywords: totalitarianism, district, campaign, refugee, genocide, fist, repression

For citation: Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A., The consequences of repression in Kazakhstan (1920–1950) // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 659–676. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_659–676

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)

Берлібай Ердаулет^{1}, Жұбанышов Берік^{2*}, Сманова Айгуль³*

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Гоголь көшесі, 114 үй. 050040 Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0009-0004-8294-1097>, E-mail: yerdaulet62@gmail.com

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Гоголь көшесі, 114 үй. Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>; E-mail: mr. berik1973@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Гоголь көшесі, 114 үй. Алматы, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>, E-mail: aigulsmanova123@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Берлібай Е.Т., Жұбанышов Б.Т., Сманова А.М. 2026

Андатпа. *Kipicne.* Қазақстан тарихында 1920–1950 жылдардағы кезең әліде кеңінен зерделеніп шынайы бағасын алуға тиіс жаңа ғылыми зерттеулерді қажет ететін күрделі оқиғаларға толы өзекті кезең. Кеңестік төңкерістен кейін дәл осы жылдары тоталитарлық жүйе жүргізген саясат миллиондаған жазықсыз тағдырларға «халық жауы», «ұлтшыл», «контрреволюционер» т. б. айыптар тағып қудалап түрмеге қамап, жер аударып, ату, жазасын заңсыз жүзеге асырды. Сондықтанда бұл кезең жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттелуге тиіс. екені даусыз. Кезеңді зерттеп, жаңа құнды деректерді ғылыми айналымға енгізу ұлттық тарихының ақиқатын танып, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады 1920–1950 жылдардағы тоталитарлық жүйенің саясатын толық түсініп ғылыми баға беру үшін оқиғалардың даму динамикасын қоғамдық-саяси, әлеуметтік және құқықтық жағдайын тереңірек талдау қажет. Өкілетті орган қызметкерлерінің жауапкершілік сезімінің болмауы барлық жағдайда ақтауға болмайтын үлкен саяси зиян келтірді. Осы саясат салдары қазақ халқы тіршілігінің дәстүрлі жүйесін күйретіп тарихта бұрын соңды болып көрмеген апатқа әкеп соқты. Мақалада осы процестер мұрағатық деректермен жан-жақты қарастырылған.

Мақсаты мен міндеттері. Ұлттық тарихи сананы жетілдіру, жас ұрпақты тарихпен тәрбиелеу мақсатында 1920–1950 жж. Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің мемлекеттік деңгейде жүргізілген науқандарын іске асыру барысындағы жазалау шараларының, халқымыздың дәстүрлі шаруашылығын түп-тамырымен күйреткен аса ауыр зардаптарға себеп болған ұлттық апатқа әкеліп соққанын, мұрағат деректерімен баға беріп ғылыми айналысқа енгізу. *Нәтижелер.* Төңкерістің бас кезінде социализм үшін буржуа-мүлік иелері талауға түскен болса, кейін социализм үшін күресте еңбекші халық бұқарасы талан-таражға түсті. Кеңестік большевиктік партия қайраткерлері билікті тартып алғаннан кейін тоталитарлық жүйені құрды. Жаңа жүйе адамгершіліктің жалпы адамзаттық қағидаларының халықаралық құқық қағидаларына қайшы келетін шараларды жүзеге асырды. Бұл биліктің жазалаумен қуғын-сүргінге негізделген саясаты қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи құндылықтарынан ажыратты. Заңсыздық халқымызға аса ауыр зардаптармен қасіретті алып келген қайғылы кезеңнің қалыптасуына алып келді. *Қорытынды.* Мақалада 1920–1950 жж. қазақстандағы тоталитарлық саясаттың саяси экономикалық қуғын-сүргінінің салдарының зардаптары жаңа архивтік деректермен дәлелденді. Біздің ойымызша, біз зерттеп отырған кезеңге қатысты жаңа деректермен мұрағаттың құжаттарға негізделген тұжырымдармен пайымдаулардың ғылыми айналысқа енуі әлем тарихшыларының назарынан тыс қалмайды деп санаймыз.

Түйін сөздер: тоталитаризм, округ, науқан, босқын, геноцид, кулак, қуғын-сүргін

Дәйек сөз үшін. Берлібай Е.Т., Жұбанышов Б.Т., Сманова А.М. Қазақстандағы қуғын-сүргінінің зардаптары (1920–1950 жж.) // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 659–676 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_659–676

ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)

Берлібай Ердәулет¹, Жубанышов Берик^{2}, Сманова Айгуль³*

¹Казахский национальный женский педагогический университет
(114, ул. Гоголя, Алматы, 050040, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0009-0004-8294-1097> E-mail: yerdaulet62@gmail.com

²Казахский национальный женский педагогический университет
(114, ул. Гоголя, Алматы, 050040, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук,

 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>; E-mail: mr.berik1973@mail.ru

*Автор-корреспондент

³Казахский национальный женский педагогический университет
(114, ул. Гоголя, Алматы, 050040, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-8241-9256> E-mail: aigulsmanova123@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Берлібай Е.Т., Жубанышов Б.Т., Сманова А.М. 2026

Аннотация. *Введение.* В истории Казахстана период 1920–1950-х годов по-прежнему актуален, наполнен сложными событиями, требующими новых научных исследований, которые должны быть широко изучены и оценены по достоинству. Политика, проводимая тоталитарной системой в эти годы после советской революции, преследовала миллионы невинных судеб по обвинениям в «врагах народа», «националистах», «контрреволюционерах» и т. д., заключала в тюрьму, депортировала, расстреливала, незаконно осуществляла

наказание. Поэтому этот период должен быть изучен с точки зрения нового исторического познания. бесспорно. Изучение периода и введение в научный оборот новых ценных данных играет важную роль в познании истины национальной истории и воспитании подрастающего поколения для проведения научной оценки с полным пониманием политики тоталитарной системы 1920-х–1950-х годов необходим более глубокий анализ общественно-политического, социального и правового положения динамики развития событий. Отсутствие чувства ответственности сотрудников уполномоченного органа нанесло огромный политический ущерб, который во всех случаях не может быть оправдан. Последствия этой политики привели к беспрецедентной в истории катастрофе, разрушившей традиционную систему жизни казахского народа. В статье подробно рассмотрены данные процессы с архивными данными. *Цель и задачи.* В целях совершенствования национального исторического сознания, воспитания подрастающего поколения историей в 1920–1950 гг. в ходе реализации кампаний тоталитарной системы в Казахстане на государственном уровне были приняты карательные меры, приведшие к национальной катастрофе, повлекшей в корне тяжелые последствия традиционного хозяйства нашего народа, с оценкой архивных данных и включением в научный оборот. *Результаты.* В начале революции за социализм боролись владельцы буржуа, а теперь в борьбе за социализм разграблены трудящиеся народные массы. Советские большевистские партийные деятели создали тоталитарную систему после захвата власти. Новая система реализовала меры, противоречащие принципам международного права общечеловеческих принципов нравственности, эта политика власти, основанная на репрессиях с наказанием, отделяла казахский народ от многовековых исторических ценностей. Беззаконие повлекло за собой формирование трагического периода, повлекшего трагедию с тяжелыми последствиями для нашего народа. *Заключение.* Последствия политических экономических репрессий тоталитарной политики в Казахстане в 1920–1950 гг. подтверждены новыми архивными данными. На наш взгляд, с новыми данными, относящимися к исследуемому нами периоду, мы считаем, что вовлечение архивов в научное обращение с выводами, основанными на документах, не останется незамеченным историками всего мира.

Ключевые слова: тоталитаризм, округ, кампания, беженец, геноцид, кулак, репрессия

Для цитирования: Берлібай Е.Т., Жубанышов Б.Т., Сманова А.М. Последствия репрессий в Казахстане (1920–1950 гг.) // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 659–676. (На каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_659–676

Кіріспе

Қазақстан тарихында 1920–1950 жылдары тоталитарлық саясат қазақ халқын ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктерінен, салт-дәстүрлерінен, шаруашылық жүргізу әдіс-тәсілдерінен айырып, аса ауыр демографиялық апатқа ұшыратты. Ең қауіптісі – осы кезеңде қазақ халқы ең білімді, ең парасатты, ел бастайтын тұлғаларынан айырылды. Кеңестік тоталитарлық жүйенің заңсыз саясаты салдарынан жазықсыз адамдар бас бостандығынан айырылып, түрмелерге қамалып, заңсыз, сотсыз ату жазасына кесілді. Қазақ халқы тіршілік етуінің негізгі көзі – малынан айырылып, аштықтан қырылып, шетелдерге босып кетуге мәжбүр болды. Кеңестік кезеңдегі тоталитарлық саясаттан туындаған ауыр зардаптарға қатысты деректердің ақиқаттығына қол жеткізіп, тақырыпқа сәйкес мәліметтерді анықтап, жаңа ғылыми деректер жариялау – заман талабы. Қазақстанның тәуелсіздікке ие болуы осы мәселелер тарихын қайта қарастырып, жаңа құнды деректерді сараптамадан өткізуді қажет етіп отыр. Аталған мәселелер 1920–1950 жылдардағы тоталитарлық биліктің қуғын-сүргінге бағытталған саясатын қайта қарастыруды, бұрмаланған фактілердің ақиқатын айқындап, жаңа қорытындылар жасауды қажет етеді. Қол жеткен нәтижелер бүгінгі жастарымыздың рухани жағынан оянуына, еліміздің іргесін нығайтып, тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет етеді деген ойдамыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Кеңестік тоталитарлық биліктің басқару саясаты қазақ халқының ежелден келе жатқан шаруашылық жүргізу тәсілдеріне қарсы бағытталып, қалыптасқан өркениетінің шайқалуына негіз болды. Зерттеу мақаламызда осыған жеткізген себептер талданды. Мақалада ұсынылып отырған нақты деректер, архив қорларынан табылған құжаттар соңғы жылдары басылып шыққан ғылыми жұмыстармен салыстырылды. Зерттеу жұмысында жүйелілік, салыстырмалы-тарихи талдау, проблемалық зерттеу, тарихилық принципі толық қамтылды. Ұсынылып отырған мақалада алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік ғалымдардың осы мәселеге қатысты ғылыми көзқарастарының жиынтығын есепке ала отырып, жаңа пайымдаулар, тұжырымдар мен қорытындылар жасалды.

Талқылау

Кеңестік тоталитарлық жүйе, Сталин социализмі тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе болды (Шоқай, 2007: 254). Тарихшы ғалым М.Қ. Қозыбаев «кеңестік тоталитаризмде қоғамдық өмірдің барлық саласы (экономика, өнер, азаматтардың жеке өмірі) партияның қатаң бақылауында болғанына» тоқталған (Қозыбаев, 1992: 17). Академик Нұрпейісов Алаш қайраткерлерінің саяси күресіне ғылыми талдау жасаған (Нұрпейісов, 1995: 3). Әбілғожин бастаған авторлар ұжымы даярлаған ғылыми зерттеуде кулактарды жоюдың зардаптары зерделенген (Әбілғожин, 1993: 17). Ұжымдастыру кезеңін зерттеуде терең із қалдырған ғалым Омарбеков бұл кезең туралы: «Аласапыран оқиғаларға, қасіретті құбылыстарға толы кезең» деп қорытынды жасаған (Омарбеков, 2004: 3). Ғалымдар Қ.С. Алдажұманов, М.Ш. Қалыбеков, Г.К. Көкебаева, О.М. Қоңыратбаев кеңестік кезеңдегі әлеуметтік қақтығыстарды талдаған (Алдажұманов, 2023: 320). Шетелдік әріптестер де кеңестік аграрлық тарихтың ішкі құбылыстарын зерттеп, құнды деректерін ғылыми айналымға енгізумен ерекшеленген. Р. Киндлердің бұл науқан қазақтарды түпкілікті тонағаны жөніндегі пікірлері құптарлық (Киндлер, 2017: 300) және біздің пікірімізбен сәйкес келеді. Америкалық ғалым Сара Камерон осы кезеңдегі қылмыстардың қазақ қоғамында қалдырған зардаптарына тоқталған (Камерон, 2018: 288). Британдық ғалым Роберт Конквест КСРО-дағы тоталитарлық тәртіпті зерттеп, қуғын-сүргіннің ауқымы туралы пікірталастарға бастама жасады (Конквест, 1994: 15). Қорыта айтқанда, бұл еңбектердің өзіндік танымдық, ғылыми ерекшеліктері бар. Бірақ бұл еңбектер мәселенің жекелеген жақтарын ғана қарастырған. Біз зерттеу мақаламызда мәселеге қатысты жаңа мұрағаттық тың деректерді қарастыруды мақсат етіп, тақырыпты кешенді түрде тұтастай қарастырдық.

Нәтижелер

XX ғасырдың басы Отан тарихында қазақ халқының санына аса ауыр демографиялық апат әкелген күрделі кезеңдердің қатарына жатады. Миллиондаған жазықсыз адамдар тоталитарлық саясаттың қуғын-сүргініне ұшырап, «халық жауы», «ұлтшыл» және т. б. жалған айыптаулармен түрмеге қамалып, заңсыз, сотсыз ату жазасына кесілді. Бұл зұлматтар осы кезеңде билікке келген кеңестік тоталитарлық жүйенің саясаты арқылы жүзеге асырылды.

Тоталитаризм (латынның *totalis* – тұтас, толық) – қоғам өмірінің барлық салаларына толық бақылау орнатқан авторитарлық мемлекеттік нысандардың бірі (Берденов, 2023: 148). Саяси жүйенің тоталитарлық түрі мынадай белгілермен ерекшеленеді (Көшімов, 1997: 18).

1. Қоғамда заңсыздық қанат жаяды.
2. Билік иелері өз азаматтарының алдында жауап бермейді.
3. Саяси өмірде бір ғана партия билік құрады.
4. Идеологияға мемлекет иелік етеді.
5. Бұқаралық ақпарат құралдары тек мемлекет саясатын насихаттайды.

6. Халық өмірі күштеу орындарының қатаң бақылауында болады. Онымен келіспегендер халыққа қарсы деп танылып, жазалауға тартылады. Аталған кезеңде осының бәрі қамтылды. Қазақстандағы 1920–1950 жж. саяси-экономикалық қуғын-сүргін Сталин басшылығымен

жүзеге асты. Сталинизм – сталиндік басшылыққа негізделіп құрылған мемлекеттік саяси жүйе. Жүйенің басты ерекшелігі орталықтанған мемлекет құрып, күрделі саяси-әлеуметтік міндеттерді шешуде террорлық, қатаң зорлық-зомбылыққа негізделуінде болды (Рогинский, 2011: 21). Тоталитарлық саясаттың кесірінен қазақ халқы ұлттық ерекшеліктерінен, шаруашылық жүргізу әдіс-тәсілдерінен айырылды. Бұл аса ауыр демографиялық апатқа, қуғын-сүргінге алып келді. Танымал тарихшы Ханна Арендтің (Арендт, 1996: 43) «Тоталитаризмнің басты ерекшелігі – заңсыздықтың шектен шыққан түрі» деген идеясы осы жүйеге берілген әділетті баға деп есептейміз. Отан тарихында 1920–1950 жылдардағы тоталитарлық билік саясатын қайта қарастыру, бұрмаланған фактілердің ақиқатын айқындап, жаңа қорытындылар жасау қажет. Осы маңызды мәселелердің дұрыс шешілуі ақиқатқа негізделген тарихтың жазылуына септігін тигізеді. Біздің ойымызша, халқымыздың басынан өткен осы қайғылы кезең әлем жұртшылығының назарын аударуы керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы осы мәселені зерттеуге және өз тарихымызды қайта қарауға ерекше серпін берді. Онда ол: «Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмеген» (Тоқаев, 2021) деуі тарихшыларға үлкен міндет жүктейді. Осы мақсатта 2020 жылғы 24 қарашада мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Осыған орай, 2021 жылы 8 ақпанда Алматы қаласы әкімдігінің жанында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қалалық комиссия құрылды. Осы мақаланың авторлары жоғарыда аталған комиссия құрамында үш жылдан астам жұмыс атқардық. Комиссия мүшелері ретінде біз Алматы қалалық полиция департаментінің мұрағаттарындағы жеке істерді саралап, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, мәселеге қатысты жаңа деректермен танысуға мүмкіндік алдық.

1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары монархияның орнына большевиктік тоталитарлық қоғамның орнауына алып келді. Әлем елдері большевиктік төңкерістен кейін, бар адамдарды «жұмаққа» апаратын өзгерісті қандай әдіспен жүзеге асыратынын бақылаумен болды. Большевиктік коммунистік идеологияның кімді жоқ қылып, кімді өлтіріп орнына «астық егетінін», сол құрбандардың қанымен нәрленген даланың жемісін кімнің ұпайына беретінін ешкім білген жоқ (Мария Хаким, 2023: 210). Анкара университетінің доценті Мария Хаким Мәскеудің саяси пиғылы мен амал-мақсатына тоқтала келіп: «Мәскеу жиырмасыншы жылдардың орта кезінен бастап қазақтың ұлттық жетекшілеріне сенбеген, сондықтан оларды шетінен тұтқындап жоқ қылу амалдарын қолданған. Қазақтың бұрынғы билік жүйесін жоқ қылып қазақтардан жаңа советтік адам жарату керектігін ойлаған» деген тұжырым жасайды (Мария Хаким, 2023: 210). Расында кеңестер 1920 жылы 15 сәуірде Алашорда үкіметінің қызметі тоқтатылып, мүшелеріне «кешірім» жарияланды. Ал, жиырмасыншы жылдың басынан Қазақстанда қызмет еткен барлық ағымдар тексеріле бастады. Нәтижесінде билік Қазақстанда екі саяси бағыттың бар екендігі анықтады: оның бірі ұлтшылдық бағыт, екіншісі коммунистік бағыт екендігі белгілі болды. «Бірінші бағытқа Ә. Бөкейханов қолдау жасап отыр, бұл коммунистік бағыттың жұмысына орасан зор кедергі келтіреді» дегені қорқыныштың пайда болғандығын растайды (ҚР ПА. 140 қ. 1-т. 11-іс. 9–10-п. п). Негізі азамат соғысынан кейін ұлт зиялыларын саяси-қоғамдық қызметтен шеттету қолға алынған. Ағартушылықты ту етіп ұстанған зиялылар күрделі уақытта өз еңбектері арқылы ұлттық рухын көтеру бағытында еңбектерін жалғастыра берді. Дегенмен М. Дулатов 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Республикада қазақтың жауапты қызметкерлерінің арасындағы жікке бөліну 1920 жылдан басталды» деп айтыпты (Дулатов, 1995: 21).

1920 жылдардың ортасынан социализм желеуімен жүргізілген ұжымдастыру мен индустрияландыру халықты тонауға, ұлттық байлықты иемденуге және отарлауды күшейтуге бағытталды. Төңкерістің бас кезінде социализм үшін мүлік иелері талауға түскен болса, енді социализм үшін еңбекші халық бұқарасы талан-таражға түсті. Британдық ғалым Роберт

Конквест КСРО-дағы тоталитарлық тәртіпті зерттеп, қуғын-сүргіннің ауқымы туралы пікірталастарға бастама жасауы осы себептерге байланысты болса керек (Conquest, 1991)

1922 жылдан бастап Кеңес үкіметі жасырын түрде кеңестік жүйеге қарсы шығуы мүмкін деген топтарды анықтауға кірісті. Бұл бағытта тағы да Ө. Бөкейханов бастаған бұрынғы Алашорда мүшелері «ұлтшыл» топ ретінде үкімет назарына ілікті (ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 11-іс. 9–10-п. п). Бұл тұста КСРО шаруалар саны ел халқының 82 %-ін қамтыған (жалпы саны 120, 7 млн) аграрлық ел болды. Ал Қазақстанда ауыл шаруашылығының үлесі жалпы ұлттық өнімнің 35, 88 %-ын құрады. 1926 жылғы санақ бойынша республикада 70 %-ы ауылдар мен қыстаулардағы шаруа қожалықтарында өмір сүрді. Бұлардың 24 %-і егіншілікпен, 33, 2 %-ы мал шаруашылығымен егіншілікпен, 38, 3%-ы мал шаруашылығымен айналысты. Жаңа экономикалық саясатқа көшумен алдыңғы жылдармен салыстырғанда көшпелі шаруашылықтардың саны небәрі 6 % құрады (Исахан, 2013: 7). Қуғын-сүргін бірінші кезекте интеллигенция өкілдерін тазалаудан басталды. Тоталитарлық билік зиялы қауым арасындағы идеялық күресті арандатып, олардың арасына от жағып, «ұлтшылдар», «жікшілдер» – деп бөліп бір-біріне қарсы қойды. Алаш қайраткерлерінің көпшілігі қазақ халқының келешегінің жарқын, нұрлы болуы үшін оқу білімнің қажеттігін насихаттап, өздері бастап оқу құралдарын шығарып, жастарды білім алуға шақырған еді. Бірақ біртіндеп патриоттық рухтағы кітаптар «жат пиғылда» – деп табылып қолданыстан алынып, олардың авторларының қызметінен кір іздеу басталды.

1925 жылдың қыркүйегінде республиканың жаңа «Көшбасшысы» ретінде Ф.И. Голощекин таңдалды. Ол коммунистік террорлық саясатты жүзеге асыруда ең белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде бұған дейін танымалдығы артқан болатын. Қазақстандағы ұжымдастыру, аштық, қуғын-сүргін осы адамның есімімен байланысты. Өлкенің 1-ші хатшысы қызметіне Ф.И. Голощекиннің (1925–1933) келуі жағдайды одан әрі шиеленістірді.

1926 жылы С. Сәдуақасов пен С. Ходжанов «ұлтшыл» – деп айыпталып, С. Сейфуллин, М. Мырзағалиев, Н. Нұрмақов, С. Меңдешев және т. б. қуғынға ұшырады. Мемлекеттік Саяси басқарма қызметкерлері елдегі құпия түрде зиянкес топтарды анықтап, олардың қызметі жайлы үнемі мәлімдеме жасап отырған (ҚР ПА. 718-қ., 1-т., 114-іс. 6-п.). Саяси ахуалды ерекше бақылауда ұстап Сталинге Голощекиннің де мұқият хабарлап отырғандығы туралы құжаттық дәлелдер жеткілікті. 1928 жылы БКП(б) ОК қаулысында бірінші кезекте мына міндеттерді орындау алға қойылды. Байлардың ауылдардағы экономикалық, саяси ықпалымен күресуде ауылды кеңестендіруде кедейлермен батрақтарды ықпалын арттыру (мүліктерді тәркілеу, ірі мал иелерін жер аудару, жер реформасын жүргізу) бағытындағы арнайы жүргізілетін іс-шараларды күшейту туралы Мәскеуге ұсыныс жасаған (ҚР ПА. 141 -қ. 1-т. 234-іс. 146-п.).

Кеңес үкіметі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мүшелерінің мемлекеттік жауапты қызметте отыруынан қауіптенді. Оның себебі Алашорда ықпалы коммунистер арасында жайылып кетуі мүмкін деген қорқыныш еді. Бұл мәселе өлкелік партия комитетінің жиналыстарында қозғала бастады (Смағұлова, 2011: 432). 1928 ж. «буржуазиялық ұлтшыл» -, деп Алашорда қайраткерлерінің 44-і қамауға алынды. Олардың қатарында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов бар. 1927–1929 жылдары қоғам қайраткерлері Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Нұрмақов, М. Мырзағалиев Республикадан аластатылды. Қазақстанның Орталық атқару комитетінің төрағасы Ж. Мыңбаев, Ағарту халық комиссары С. Садуақасов, Жер халық комиссары Ж. Сұлтанбеков т. б. қызметінен алынды. 1930 жылы М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Ақпаев, К. Кемеңгеров бастаған ұлттық интеллигенцияның 40-қа жуық өкілі тұтқындалды. Бұлардың барлығы дерлік 1937–1938 жылы атылды. Интеллигенцияның белгілі өкілдеріне тағылған айыптардың бірі «Қазақстанда жерге орналастыру, байлардың мүліктерін тәркілеу, шаруашылықтарды ұжымдастыру, астық ет дайындау жөніндегі кеңестік науқандардың өткізілуіне зиян келтірген, кеңес өкіметін құлату мақсатымен оған қарсы қарулы көтерілістерді әзірледі – деген айыптар тағылды (ҚР ОМА. 1680-қ. 3-т. 621-іс. 89–93-п. п.) Көтерілістерді әзірледі дегенде ОГПУ-дың тергеу органдары 1929 ж. 1-9 қарашадағы Батпаққара көтерілісінің материалдарына сүйенді. Батпаққара ісі

бойынша 530 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оның 115-і ОГПУ-дың «үштігінің» шешімі мен атылды. 170 адам 2-10 жылға еңбекпен түзеу лагерьлеріне қамалып, 28 адам жер аударылды (ҚР ҰҚКА. 49-қ., 158-т., 1-іс., 84–94-п. п).

Голощекин осы кезеңдегі қылмыстық істер үшін тікелей жауаптылардың бірі. Оның әкімшілігі бұған аса қаталдық пен күш көрсету арқылы қол жеткізді. 1930 жылдың көктеміндегі Сталинге жазған ерекше құпия хатында Голощекин: «Жекелеген аудандарда ұжымдастыру аса қажеттерін, ең соңғы үзім нандарына дейін алу арқылы іске асырылуда» (ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 11-2935-іс. 16-п) деп жазуы оның аштықты ұйымдастырудағы елдің бірінші басшысы ретіндегі орнын көрсетіп береді

1927 жылғы желтоқсанда Голощекиннің басшылығымен ұжымдастыру съезі 1932 жылдың көктеміне қарай елдің ауыл шаруашылығы жеке шаруашылықтан ұжымға, колхозға айналдыру міндетін қойып, оны 1933 жылы аяқтау тапсырылды. Осыған байланысты, 1928 ж. 26 шілдеде БКП(б) Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін жергілікті ірі байлар мен жартылай феодалдарды алдын-ала кәмпескелеу науқанын жүргізетін комиссия құру қарастырылды. 1928 жылы үшінші ақпанда астық дайындау науқанына байланысты төтенше шаралар қабылданды. Бұл процес басынан бастап-ақ қатыгездік пен террорға негізделді. 1927–1928 жж. КСРО-да астық дайындаудың мемлекеттік жоспары орындалмай қалуы, шаруаларға қарсы күш қолдану арқылы астық даярлау науқанын ұйымдастыру, жазалау шараларына ұласты (Омарбеков, 1997: 42). Республика прокурорының Қазақстан бойынша берген есебінің қорытындысында 1929–30 жылдардағы астық дайындау науқаны кезінде 19239 адам жазаға тартылған. Оның 14056 адамы сотталды. Олардың әлеуметтік жағдайы әртүрлі. (6485-і кулак, 4108- і ауқатты адамдар, 1841-і орта шаруа, 575-і кедейлер, 1069-ы әртүрлі топтар) болған (ҚР ОМА. 1380-қ. 2-т. 297-іс. 9-п.). Осы саясаттың нәтижесінде Ф.Н. Голощекин ауылдарға 4800-ден астам уәкіл жіберді. Мәскеу 25 мыңдықтар бригадасы – деген желеумен соғыстан қайтқан солдаттарды жинап, солардан шаруаларды ұжымдастыруға күштеп үйрету үшін топ құрған. Осылардың 4800-і қазақ ауылдарындағы ұжымдастыруды үйретуге барған. Коммунистік осы шолақ белсенділер «кеңестік ұлт» – дегенді қалыптастыру үшін пролетарлық диктатураның залымдығын іске асыруға кірісті (Айдарбекова, 2023: 112). Бұл науқанда 31 мыңға жуық шаруа қуғын-сүргінге ұшырады, тек 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін 277 шаруа атылды. 1929 жылы желтоқсанда өткен пленум 100 % ұжымдастыру міндетін алға қойды. Еріктілік принципі сақталмай қарапайым заңдылықтар ескерілмеді. Мәжбүрлеудің кең тараған әдістері: сайлау құқығынан айыру, тұрғылықты жерінен көшіріп жіберу қамауға алу болды. Кулак санатына ену үшін бір-екі жылқысы үйі бар болса жеткікті болды. Шаруалар арасында ауылдарда болып жатқан озбырлықтарды кеңестік жоғары басшылық білмейді деген сенім болды. Мұрағатта шаруалардың Сталинге жазған хаттары сақталған: «Жергілікті жерлердегі кеңестік қызметкерлерге ешқандай бақылаусыз ойына келгенін істеуге рұхсат етілетіні неліктен? Жазаға кулактармен қатар орташаларда тіпті бір жылқысы бар кедейлерде тартылуда. Халықтың жартысына жуығы түрмелерге қамалды, бәрін тартып алуда олардың көпшілігі жан-жаққа көшіп кетіп жатыр» деп жазған (ҚР ОМА. 44-қ. 2-т. 14-іс. 3-п).

1928 жылы 27 тамызда «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды және көшіру туралы» – жарлықтан соң бай шаруашылықтардың малын тәркілеу басталды. Үш айдың ішінде 700-ге жуық бай отбасының мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылып, кулактар қатарына жатқызылды. Байлардан ірі қараға шаққанда 144 474 мың бас мал тартып алынды. Байлардан айырылу дәстүрлі мал шаруашылығының дәстүрін бұзып халықты дағдарысқа түсірді. Миллиондаған жазықсыз адамдар кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбанына айналды. Тәркілеу мен ұжымдастыру қазақтар санының азаюына әсер етті. Кеңестік билік кейін орта шаруалардың, тіпті кедейлердің де малын күштеп тартып алды. Кулактар мен байларға ауқатты адамдарға қатысты жүргізілетін репрессиялық шаралардың кедейлер мен орташаларға да қатар жүргізілуі билік басындағылар үшін зардабы ауыр наразылықтарды туындатуы мүмкін еді. Сондықтан құпия түрде кедейлер мен орта тұрғындарға қатысты жіберілген қателіктерді дереу түзету үшін арнайы нұсқаулықты басшылыққа алу тапсырылды.

Оның мазмұнында кедейлер мен орта тұрғындарға қатысты жіберілген қателіктерді дереу түзетуді және келесі нұсқауларды басшылыққа алуды ұсынылған:

1. Кедейлер мен орташаларға кулактар мен байларға қолданатын репрессиялық шараларды жүргізуді үзілді-кесілді тоқтату. Кедейлер мен орташаларды себепсіз тұтқындауға жол бермеу.

2. Жазалаудың бұл түрін қолда бар мәліметтерге сүйене отырып астық дайындауға қастандық жасаушыларға ғана қолдану, кедейлермен орташаларда жаппай тінту шараларын жүргізуді дереу тоқтату тапсырылды (ҚР ПА. 1401-қ. 1-т. 4937-іс. 83-п). Кеңес өкіметі орнағанға дейін елді қамқорлығына алып, шаруашылықтарды ұйымдастырып отырған қазақ байлары жойылды. «Шолақ белсенділер» бай-кедей деп қарамай, үйлерді тінтіп, елдің бірлі-жарым малына дейін алып кеткен. Кулак санатына жатқызу үшін бір-екі жылқысы, үйі бар болса жеткілікті болды. Көшпелі және жартылай көшпелі елдің негізгі күнкөріс көзі мал өнімдері болғандықтан, 1931–1933 жылдары Қазақстанның барлық аудандарын түгелдей дүр сілкіндірген бұрын-соңды болмаған ашаршылық пен демографиялық апат орын алды.

Ақмола және Петропавл округтерінде 1928 жылдан 1930 жылға дейін «Астық дайындау науқанын бұзғаны үшін» 22307 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 34120 адам сотталған. Осы аймақтан 24 миллион рубльге жуық мүлік, 631 мың пуд астық, 534 мың бас мал тәркіленген (Сыдыков, 1998: 8). Қатты қысымнан 200 мыңнан астам адам Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға көшіп кетті (Аяган, 2012: 3). Бүгінге дейінгі зерттеулерде құрбан болғандардың тізімі толық емес. Комиссияның мұрағаттардағы зерттеу жұмыстарының нәтижесін сталиндік қуғын-сүргіннің мемлекеттік зорлық-зомбылықтың ауқымын анықтап, әкімшілік құпиялардың тетіктерін зерттеуге мүмкіндік берді. 1928 жылы Қазақстанда шаруашылықтардың 2 % ұжымдастырылды, 1930 жылы 20-шы ақпандағы есеп бойынша Қазақстанда 441931 шаруашылықты немесе оның барлық санының 35. 3 %-ын қамтыған 6722 колхоз құрылды (ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 319-іс. 136-п). 1930 жылдың 1 сәуірінде Қазақстанның 649, 4 мың шаруа шаруашылығының жалпы санының 52 %-ы ұжымдастырылса, маусым айында оның саны 353. 9 мыңға (28. 5 %-ға) қысқарған. Бұл көрсеткіш ұжымдастырылған шаруашылықтардың аз уақыт ішінде екі есеге азайғанын көрсетеді. Республиканың 300 мыңға жуық шаруашылықтары оның қатарынан шығып кеткен. Колхоздардың саны осы кезде 7019-дан 5701-ге азайғаны туралы мәліметтер бар (ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 119-іс. 139-п). Шаруалардың осындай наразылықтарына қарамастан 1931 жылдың қазанында 65 %, 1931 жылдың күзіне қарай республикада 122 ауданның 78-і шаруашылықтардың 70-тен 100 %-на дейін ұжымдастырылған. Ұжымдастыру кезінде қатаң қуғындау мен террор орын алды. Шолақ белсенділер қызметі жоспарды асыра орындаумен ұштасты. Ұжымдарды құру барысында адам айтқысыз зорлықпен күштеу шараларына жол берілді. Тек 1933 жылы ғана Қазақстанның ОГПУ органдары 21 мыңнан астам адамды қамауға алған. 1929 жылдан 1933 жылға дейін Қазақстан бойынша ОГПУ Үштігі 9805 іс қарап, 3386 адам ату жазасына кесілген. Әр түрлі мерзімге 13 151 адам сотталған. Егер 1930 ж. Қазақстанда 40 миллион мал басы бар ет өндіру базасы болса, 1932 ж. небәрі 5 миллион бас мал қалған. 1932 жылғы санақ бойынша қалған малдың тек 28 %-ы ғана қазақтарға тиесілі болды (ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 2935-іс. 15–16-п. п). Америкалық ғалым Сара Камерон, Мемлекеттік және Коммунистік Партия құжаттарына қазақ және орыс деректерімен естеліктеріне сүйеніп осы қылмысты әшкерелеп оның қазақ қоғамында қалдырған қасіретті зардаптарын ашып көрсетеді: «ОГПУ-дың Қазақстан бойынша Республикадағы мал шаруашылығының жағдайы туралы арнайы мәлімдемесінде 1933 ж. қазанындағы полицияның құпия мәлімдемесінде республикадағы мал басының саны 1929 жылмен салыстырғанда 90. 8 % азайғаны жайлы айтылған. Көшпенді аудандардағы жағдай оданда сорақы 99, 8 % азайғаны жайлы айтылған (Камерон, 2018: 288) Халықтың өмір сүру көзі бар малын тартып алғаннан кейін тірі қалудың өзі арманға айналды. Экономикалық негізсіз ұжымдастыру, күштеп көшіру қазақтардың дәстүрлі өмірін түбегейлі бұзып аштық пен кедейліктің өршуіне әкелді. 1930–1932 жылдары ашаршылық басталды. 1932 жылдың ақпанына қарай Қазақстанда колхозшылар шаруашылығының 87 %-ы және жеке мал шаруашылықтарының 51, 8 %-ы өз

малдарынан толық айырылды. 1930 ж. аштықтан 313 мыңнан астам адам қаза тапты; 1931 ж. өлгендер саны 755 мыңға жетті; 1932 ж. 769 мыңнан астам адам қайтыс болды. 1930–1932 жылдары аштықтан, эпидемиядан өлгендер шығындары 1 млн 750 мың қазақ (Бұл сол кездегі ауыл халқының 40 %-ы). Бүгінгі таңда мектеп кітаптарында, оқушылардан тест алғанда ресми дерек ретінде осы сан беріліп жүр. Т. Рысқұлов ОГПУ деректеріне сүйене отырып былай деп жазыпты: «Балқаш ауданында 60 мың халық тұратын еді 12 мыңы көшіп кетті, оның 36 мыңы қаза тапқан, қалғаны 12 мың ғана адам. Қаратал ауданында былтырға қыста күштеп қоныс аударған үш ауылдың тең жарым халқы аштан қырылып қалған. Осы ауданда 1933 жылдың желтоқсан қаңтар айындағы 10 күн ішінде 559 адам аштан өлген. Үштөбе бекеті Қаратал құрылыс күріш совхозының аумағында 300- ден астам адамның мәйіті теңкейіп жатыр» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 6403-іс. 48-п). 1928 жылғы ұжымдастыру және тәркілеу 1931–1932 жылдардағы ашаршылыққа алып келді, соның салдарынан Қазақстанда 1, 3–1, 75-тен 2, 2 миллионға дейін адам қаза тапты деген деректер бар (Зулкашева, 2013: 7). Келтірілген мұрағаттық деректер мен ғалымдардың статистикалық мәліметтері әртүрлі. Қазақ халқына аса ауыр демографиялық апат әкелген бұл кезеңдегі халық санының аштықтан өлімі әлі толық нақтыланбаған, әлі де көптеген зерттеуді қажет ететін өте күрделі кезең. Айталық, 1926 ж. санақ бойынша қазақстан аумағында 3 млн 628 мың халық мекендеген екен. Ал 1930 жылы республика халықтың саны 4 млн 120 мың адамды құраған. (Галиев, 1989: 13) Бұл деректі 1998 жылы демограф ғалым Татимовта растайды. (Татимов, 1998: 124). Бірақ 1939 ж. санақта халық санының 1 млн 321 мың адамға 36, 7 % азайғанын көрсетеді. Осы деректер тұрғысынан есептесек сол зұлмат жылдарда Қазақстан өзінің 2 млн-ға жуық адамынан айырылған (Татимов, 1998: 122). Зерттеуші ғалымдардың мәліметі бойынша сол тұстағы қазақ ұлтының 42 % яғни, 1 млн 750 мыңнан астам адам аштық пен аурудан қырылды. Осы жылдары республика шегінен тыс жерлерге 1млн 130 мың адам көшіп кетті (Абылхожин, 1989: 18). Санақ материалдары ұзақ жылдар жойылған деп есептеліп келді. Халық шаруашылығы Орталық комитеті мұрағатынан (ХШОММ) жаңа мәліметтер 1937 ж. қаңтардағы КСРО-дағы қазақтардың саны 2 862 458 адамды құраған.

Сол кездегі халық санақтары бойынша демографиялық талдау жасаған ғалым Клара Сәркенова деректері бойынша «1898 жылғы санақ бойынша халық саны 6, 6 млн болыпты, ал 1928 жылы халық саны Қазақстанда 6507077 болса, 1933 жылы 2493500 адам болған. Яғни бес жылда халық саны 4013577 адамға азайған (Сәркенова, 2011). Халқымыздың зор қасіретке ұшырауына большевиктік партияның күштеп ұжымдастыру саясаты, халқымызға әдейі ұйымдастырылған геноцид- деп білеміз. Сталиндік ұжымдастыру науқаны аса қаталдық пен күш қолданумен іске асырылып нәтижесі аштықты әкеліп, бұл қазақстанның экономикасын қиратты. Қазіргі күнгі анықталған деректер бойынша 3-4 миллион қазақ немесе олардың сандарының жартысынан астамы, 1930-жылдардағы қолдан жасалған аштықтан қаза болды (ҚР ПА. 140-қ. 5-Н-қ. 1-т. 2935-іс. 13-п). Аш адамдар тірі қалу үшін шетелдерге кетуге мәжбүр болды. Бұл деректер ашаршылық жылдары құрбан болғандардың саны екі миллионнан да көп екенін көрсетіп отыр. Ал шетел асып кете алмағандарын елде алапат аштық күтіп тұрды. Мұрағаттарда «Ауыл-аймақтардағы өзен бойында аштан өлген адамдардың көмусіз денелері жатты. Қалалардың өзінде осындай сұмдық көрініс көп кездесті. Теміржол бекеттерінде өлген адамдардың мәйіттерін күн сайын қала сыртына алып кетеді екен. Кей деректерде ауылдарды торып жалғыз жүргендерді андып ұрып өлтіріп, етін жеген» – деген мәліметтер бар. Батыс Сібір Өлкелік партия комитетінің хатшысы М. Зайцевтің Голощекинге жіберген «құпия» деген белгісі бар хатында: «1931 ж. Батыс Сібірдің бір ғана Славгород ауданына 10000 қазақ қашып келді. Олардың бәрі аш, жануарлардың өлекселерін жеп, түрлі жұқпалы аурулар таратуда. Олар асхана маңын торуылдап ыдыста қалған тамақ қалдықтарына, қоқыстардағы қалдықтарына таласуда. Көшелерге аш жас балалар толып жүр. Бұлардың тарапынан ұрлық, қаракшылық шабуылдар жасалуда. Соңғы бес күнде жылқы ұрлығы туралы 9 факт тіркелді» – деп мәлімдеген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5142-іс. 21-п). Деректер 1930 жылдардағы партия-кеңес басшылығының өкілдері трагедияның сипаты мен ауқымын толық хабардар екендігін көрсетеді. ОГПУ уәкілінің орынбасарының жұбайы 1931 жылы

Қарағандыда балалар мәйітінің етін жеу туралы қорқынышты оқиғаны суреттей отырып, өз естеліктерінде күйеуінің әріптестері республикадағы ашаршылық туралы хабардар болғанын айтады (Яковенко, 1997: 56–57). Ерекше назар аударғанымыз отызыншы жылдарда баспасөз беттерінде қырылып жатқан халық туралы бір ауыз сөз айтылмайды. Болып жатқан жайлар жәй ғана «азық-түлік қиыншылығы», – деп көрсетілген. Керісінше ұжымдастыру мен социализм жеңісі жайында жарыса жазылған материалдар толып жатыр.

Шаруалар ет салығы, жүн салығы, май салығы, тері салығы, сүйек-мүйіз салығы, тіпті, ит терісінің салығын тапсырған. Алматы округында колхозшы Карим Тастайбеков жүн өткізуге малы болмай көрпелеріндегі жүнді өткізген. № 15 ауылда экспорт үшін әр шаңыраққа иттің терісін өткізу тапсырылған. Хмел деген шаруа әйелі колхоз жиналысында арнайы өкілдерге мынадай сұрақ қойған: «Колхоздастыру ісі дұрыс жүріп жатыр ма? партияның иттерді өлтіру жөніндегі нұсқаулары бар ма?» деп арнайы өкілдерге жиналыста сұрақтар қойған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 22-п). Тоталитарлық биліктің адам айтқысыз озбырлығы халықты үлкен демографиялық апатқа ұшыратты. Әртүрлі статистикалық мәліметтер бойынша, XX ғасырдың 30-ж. Қазақстандағы ашаршылықтан жергілікті халықтың 2-миллиондай адамы (40 %) шығыны болса, миллионға жуық адам аштықтан өлмес үшін басқа өлкелерге көшіп кетуге мәжбүр болған (ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 2935-іс. 15-16-п. п). Мұрағаттық құжаттарды талдау кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған байлардың кулактардың және шаруалардың саны ғана емес олардың аты жөні, жасы, тұрғылықты жері, мәртебесі, кәсібі сауаттылық деңгейі, партиялылығы, отбасы құрамы, адам саны туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, зерттелген материалдарда қамауға алу туралы мәліметтерді қамтитын деректер бар. (күні, қайда және кім қамауға алғандығы, үкімнің түрі және т. б.). Істермен танысу барысында РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының тармақтары жиі қолданылғанын байқадық. 58-2-баб пен қарулы көтерілісті ұйымдастыру немесе қарулы бандалардың кеңестік аумағына контрреволюциялық мақсатта басып кіру, билікті басып алу әрекеті бойынша сотталған. 58-10-баппен антисоветтік үгіт және насихат жүргізгендер ісі қаралған. Сондай-ақ, соттан тыс органдар ОГПУ дың «екі» және «үштіктері» қатыгез репрессиялық шара ату жазасын көп қолданған. 1930 жылдың 17 қаңтарында кулактармен байларды тап ретінде жоюды қарастырған ВКП(б)-ның Өлкелік мүшелерінің жиыны өткізіліп байлар мен кулактарды тап ретінде жою мәселесіне қатысты мынандай іс-шараларды жүргізу жоспарланды:

1. Үш ай мерзімде ОГПУ дің есебінде тұрған контрреволюциялық ұйымдар, кулактар, бұрын бай кулак жартылай феодал ретінде жер аударылыпғандарды жою;

2. Үздіксіз ұжымдастыру жоспарланған аудандарында 70%-ға дейін мақта өсіретін аудандарда екі ай мерзімде барлық кулак отбасыларын колхоздардан тыс ең ауыр еңбекті көп қажет ететін шалғай аудандарға жер аудару (ҚР ОМА. 30-қ. 7-т. 47-іс. 1-п). Бұл ретте жазалау акциялары кезінде шаруаларды категорияларға жатқызу анық қанығы реттелмей алдын ала көрсетілді. Бірінші категорияға жатқызылған адамдардың істері бойынша үкім «үштік» деп аталғандардың сот отырыстарында шығарылды. Үштік құрамына партиялық органдардың, ОГПУ-мен прокуратураның бірінші басшылары кірді. Екінші топтағылар, кедей шаруалардың қатысуымен ұжымдағы жалпы жиналыс қарауына берілді 1931–1932 ж. республикадан бай-кулак – деп 6765 адам жер аударылды. Шекаралық аудандардағы кулактармен байларды міндетті түрде көшіру бірінші кезекте жүзеге асырыла бастады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2969-іс. 7–10-п. п).

Голощекиннің 1930 ж. 3 наурызда Сталинге жіберген хабарламасында: «I-категория бойынша кулактарды жою бойынша 3113 адам қамауға алынды. II категория бойынша 16 ауданында жүргізіледі. Өлкеде желтоқсан айына дейін 13 мың адам астық дайындау ісі бойынша жазаланып қамалатындар саны түрмелердің сыйымдылығынан 4 есе асып түсті. Осы қиындықтан шығу үшін 4500 адамды түрмелерден басқа округтерге ағаш өңдеу жұмыстарында пайдалану үшін жіберуге шешім қабылдадық» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2948-іс. 7-11. 41–46-пп) деген мәліметтерді жіберген.

1930 ж. аудандардағы ауылдармен колхоздарда кулактардың ықпалы деп аталатын «қара тақта» режимі енгізілген. Бұған енгізілген аудандарда сауданың барлық түрлерінен (мемлекеттік, кооперативтік, колхоздық) тауар жеткізу дереу тоқтатылды (Ивницкий, 1994: 64). Голощекиннің 1932 жылғы 21 қарашадағы Сталинге жолдаған телефонограммалық деректеріндегі мәліметтер бойынша «қара тақтаға» 3 аудан енгізілген. Орталық Комитетке 28 қазанда хабарлаған тізімде қара тақтаға барлығы 87 колхоз енгізілген, онда астық дайындауға қатты қарсылық бар екендігі айтылған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2948-іс. 9–11, 41–46-п. п.).

Сталиндік тоталитарлық жүйе орнатқан заңсыз жазалау шаралары халықты қарулы көтерілістерге шығуға мәжбүрледі. Деректер бойынша өткен ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанда 300-ден астам көтерілісті билік аяусыз күшпен басқан. Солардың ішінде ең ірілері Созақ, Сарысу, Шаян аудандарындағы көтеріліске қатысқаны үшін ОГПУ органдары 311 адамды қылмыстық жауапкершілікке тартып 88-ін атқан (ҚР ҰҚКА. 49-қ. 158-т. 84–94-п.). Ырғыз, Қарақұм көтерілістерін жазалау туралы жазба құжаттарында: «Көтерілісшілерді қырып салдық, мәйіттерді санау мүмкін емес» деп жазылған. (ҚР ОМА. 5-қ. 21-т. 61-іс. 70-п.). Біздер қалалық комиссия мүшелері ретінде Алматы қаласы полиция департаментінің мұрағатында сақталған құжаттарды мұқият зердеден өткізуге мүмкіндік алдық. Халық толқуларына 80 мыңға жуық адам қатысқан. Бірде-бір халық қазақ сияқты демографиялық ахуалдың осындай ауыр жағдайын басынан өткізген емес. 1931 жылы ғана 5551 көтеріліске қатысушы қарсы сөйлегені үшін сотталып. Кеңес өкіметі олардың 883 адамды ату жазасына кескен. Алматы облысының Қаратал ауданының аумағында сол кезеңде Алматы округі ұжымдастырудың зорлық-зомбылық саясатына қарсы бағытталған халықтық көтеріліс басталды. Көтеріліс себебі отырықшы өмір салтын құру кезіндегі зорлық- зомбылық, кедей, орта тұрғындардан мүлікті тәркілеу, жергілікті халықтың барлық құқықтарының бұзылуы болды. Тергеу істерінің жауап алу хаттамаларын сараптамадан өткізіп тиісті қорытынды жасалды. Мұрағаттық құжаттардың құрғақ фактілерінің артында адам тағдыры, сондай-ақ олардың балалары мен туған-туыстарының тағдыры тұрғаны толғандырады. 1930 жылдың басында Қазақстан бойынша 281 мың 230 шаруашылық шетке қоныс аударды, оның 83 мыңы Қытайға Ауғанстанға көшіп кеткен (ҚР ҰҚКА. 112-қ. 11-іс. 1-т. 22-п.). Көптеген құжаттар Сталиндік кезеңдегі репрессияның қай түрі болмасын бәрі орталықтан белгілі бір жоспармен басқарылып отырғанын растайды. Құғын-сүргіннің барлығы сот арқылы және соттан тыс, саяси және саяси емес, ұжымдық және жеке нысандар арқылы мәскеудегі орталықтың бұйрықтарымен басқарылып, қатаң бақылауы арқылы жүзеге асырылып отырды. Қала мұражайында сақталған 300-ден астам адамның сот істерін қарау барысында түйгеніміз: біріншіден, соттың мақсаты тек тапсырманы орындау болғанын істің асығыстығын айқындайды; екіншіден, қаралған істер барысында ақтау шаралары мүлдем кездеспейді; үшіншіден, сотталу мерзімі 3 жылға, 5 жылға, сирек бір жылға сотталса, негізінен дүние-мүліктері тәркіленіп отырған. Сот істерінің құжаттары өте жауапсыз толтырылғанына қарап, сот процесі формальді болғанын шамалауға болады (АҚА. 174-қ. 16-т. 11-іс. 110–111-п. п.). Сот органдарының көбі орталықтың нұсқауын орындаушылар ғана болғандығы өкінтеді. Алматы қалалық кеңестің ақпан-наурыз айында тиесілі жұмысын атқара алмағаны үшін 1929 жылдың екінші жартысында 7 прокурор, 6 прокурордың орынбасары, 18 прокурордың көмекшісі, 6 округтік сот төрағасы, 7 округтік сот төрағасының орынбасарлары және 10-нан астам округ сотының мүшелері, қызметінен босатылғаны тегіннен тегін емес (ҚРОМА. 1380-қ. 2-т. 297-іс. 9-п.). Олардың көбі асыра сілтеген, немесе білімдері сәйкес келмей шешім шығарғанда ешқандай заңдылықтарды сақтамаған. Мұндай деректер заңсыздықпен күштеу мекемелеріне негізделген тоталитарлық жүйенің бетпердесін аша түседі.

1929 жылдан 1933 жылға дейін-Қазақстан бойынша ОГПУ «үштігімен» 9805 іс қаралып, 22 933 адамға қатысты шешім қабылданған, оның ішінде 3386 адам-ату жазасына кесілген. 13151 адам 3 жылдан 10 жылға дейін концлагерьлерге айдалған. 1933 ж. ОГПУ органдары Қазақстанда 21 мыңнан астам адамды қамауға алған, олардың барлығы қамауға алынып үштіктің шешімімен қылмыстық кодекстің 58-бабына сәйкес үкім шығарылған. Түрмеде

отырудың әртүрлі мерзімдері кесіліп көбі ең жоғары ату жазасына сотталды. Арасында іздеу жарияланғандары да бар, олардың тағдырларын зерттеу өте қиын өйткені көтеріліске қатысушылар туралы ақпарат деректер мұрағаттарда толық сақталмаған.

Қуғын-сүргін мен ашаршылық халықтың жаппай көшіп кетуіне себеп болды: 1930 жылдың қаңтарынан 1931 жылдың маусымына дейін 280 мыңнан астам шаруа қожалықтары қысқарған, бұл шамамен 1 млн 70 мың адам. Республикадан тыс жерлерге бір миллионнан астам адам қоныс аударды. Мұрағат материалдарын зерттегенде, тірі қалу үшін шетелдерге көшіп кеткен адамдардың тағдырын қадағалау өте қиын. Осы кезеңде қазақ халқы бұрын-соңды болмаған демографиялық соққыға ұшырады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы кезең туралы: «Біз ата-бабаларымыздың көптеген қиындықтар мен сынақтардан өткен ерлік күресі арқылы бостандыққа қол жеткіздік» (Тоқаев, 2021) – деп баға бергені осы мәселелерге байланысты болса керек.

1932–1933 жж. Қытайға ауған қазақтар туралы естеліктерде олардың қайғылы тағдырларын көреміз: «Синьцзянда Шәуешек көшелерінен аш адамдардың тобырын жиі көруші едік. Таңертең күн шығысымен қала көшелерін көтерем ат жеккен арбамен қарт қазақ аралайтын. Ол өліктің жанына келіп, арбаға лақтыратын» деп жазады (Қарасаев, 2004: 348–351). Қазақстандағы осы науқанның басында болғандардың айуандық қызметтерін халқымыз ешқашан ұмытпауы керек деп есептейміз. Осы қайғылы кезеңді көзімен көргендердің айтуынша: «Сай-саланың баурайында, жол біткеннің бәрінде ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдарға қарап жатқан ешкім болмады. Жаяу-жалпылап, кішкентай сәбилерін арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетектеп босып бара жатқан жандарды милиция немесе қызыл әскер қуып жетіп кеңес өкіметіне қарсы шықтыңдар, колхоздан қашып бара жатырсыңдар! – деп кері қайтарған, көп жағдайда бораған оқтың астына алып қырып салған (Әбдіғалиұлы, 2021: 132–133). 1933 жылы өзбекстанға кеткендердің де жағдайы да жеңіл болған жоқ. Бұларда көмек сұрап хат жазған: «Өзбекстандағы қазақстандықтарды ажалдан құтқару үшін қонысқа жер беруді және ашыққандарға тиісті көмек көрсетуді, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды сұраймыз» деп жазған хаттары сақталған. Хат Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің төрағасына да жолданған (ҚР ОМА. 30-қ. 7-т. 151-іс. 130–131-пп).

Сол кезде алапат аштыққа ұшыраған қазақтардың көбі Алматы мен Әулие-Ата аймағынан Қырғызстанға да босып кеткен. Қырғыз АКСР прокурорының айтуынша, ол аймақта негізінен балалар құрбаны көп болған. Көшпелі қазақтар арасында адам етін жеу оқиғалары жиілеген. Тамақтану пунктінің айналасынан адам сүйектері, төс, қабырға, жамбас жіліктер табылған. РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі 1933 жылғы 21 наурызда № 246 шешім шығарып, қазақтарға көмек ретінде Қырғыз АССР-інен 1 225 000 сом ақша бөлідірткен. Өкінішке қарай, бұл қаржы түспеген (ҚР ОМА. 30-қ. 7-т. 151-іс. 100-п). Көп жағдайда қырғыз жеріне өткен Алматы өңірінің босқындары қырғызға, дүнгенге жалданып аштықтың құрсауынан аман қалған.

Қазақтар, сол жылдары зиялы қауымның (интеллигенцияның жарық жұлдыздарынан айырылды, бұл кейін отандық элитаның қалыптасуына орасан зор зардаптар алып келді. Әртүрлі жалған айыптауларды ойлап тауып бүлікшілерді ату керек деген желеумен Алаш және Алаш Орда қозғалысының өкілдерін, ал сәл кейінірек республиканың бүкіл партиялық-кеңестік номенклатурасындағы ұлт элитасын жойды (Зулкашева, 2018: 7). «Үлкен террор» деп аталатын оқиғалардың басталуының нақты күні 1937 жылдың 3 шілдесі. 1937 жылы 2 шілдеде Саяси Бюро облыстық, өлкелік партия ұйымдарының хатшыларына телеграмма жолданды: «Мерзімі аяқталғаннан кейін босатылған бұрынғы кулактар мен қылмыскерлердің бір бөлігі түрлі арандатушылық сипаттағы антисоветтік және диверсиялық әрекеттерді таратумен айналысып жүргені байқалады. Өңірлік ұйымдардың барлық хатшыларына, НКВД өкілдеріне Отанына оралғандарды есепке алу олардың ішіндегі ең қауіпті қылмыскерлерді дереу қамауға алып, істерін үштік арқылы әкімшілік жүргізу тәртібімен ату жазасына кесу, ал қалған әлі де дұшпандық элементтері барларын НКВД нұсқауы бойынша қайта жазаға тарту. Бес күн ішінде үштіктің құрамын анықтап атуға жататындардың санын жіберуді ұсынды.

Міне, осы деректер 1937–1938 жж. оқиғалар КСРО Жоғарғы басшылығының бақылауымен және бастамасымен жүргізілген мемлекет көлемінде жоспарланған мақсатты операция болды деп айтуға толық негіз бар. Барлық тұтқындау операциясын аяқтау бес күндік мерзімге белгіленді (Яковлев, 2004: 271–272). 1937 жылы 29 шілдеде алашордашылар мен «ұлтшыл», – деп танылғандардың кітаптарын қолданыстан алу үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссия ««халық жауы» деп айыпталған ұлт зиялыларының кітаптарының тізімін жасады. Оларды жоғары оқу орындарынан, кітапханалардан, кітап дүкендерінен алып тастауға шешім шығарды (Сарқұлова, 2018: 174). КСРО НКВД-сының 1937 жылдың 5 тамызында репрессияға ұшырайтындардың 7 санаты анықталды: Барлық қуғын-сүргінге ұшыраған кулактар, қылмыскерлер және т. б. антисоветтік элементтер екі категорияға бөлінді:

а) бірінші категорияға дұшпандық жасаушы элементтер жатқызылды. Олар дереу қамауға алынып, істері үштікке қаралғаннан кейін атуға жататындарға жатқызылды.

б) екінші категорияға онша белсенді емес бірақ әлі де дұшпандық пиғылдағылар жатқызылды. Бұлардың да ең қауіпті дегендерін 8-ден 10 жылға дейін қамауға алу туралы үштік шешімі шығарылды (Кокурин, 2000: 96–104). Алматы облысында НКВД үштігі 1000 адамды тұтқындап, оның 200-і бірінші категорияға жатқызылып атылған, 800 адам екінші категория бойынша ұсталып 8-ден 10 жылға дейін қамауға алу туралы үкім шығарылған (Яковлев, 2004: 273–281).

Қасіретті қудалаудың екінші кезеңі 1937 ж. басталды. Осы кезеңде Қазақстан бойынша 105 мың адам НКВД-нің қанды шеңгеліне ілігіп оның 22 мыңы атылған. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін әлсіретумен бірге, халықтың арасында үрей, қорқыныш, ертеңгі күнге сенбеу тәрізді жағымсыз қылықтарды ұялатты. 1937 ж. шілдеден 1938 ж. қарашаға дейінгі кезеңде ішкі істер халық комиссары Н. И. Ежов қол қойған нұсқаулар репрессияны күшейтті (Аблажей, 2019).

1938 жылы 15 қыркүйекте ұлттық контингенттер бойынша қамауға алынғандарға жергілікті жерлерде ерекше үштіктердің қарауына беру туралы НКВД ұсынысын қабылдау» туралы шешім қабылданды. Арнайы үштік БКП(б) өлкелік, облыстық комитеттің бірінші хатшысы құрамында құрылды. Оған ұлттық компартиялардың ОК, НКВД тиісті басқармасының бастығы және облыс, Өлкелік Республика Прокуроры мүше болды (Хаустов, 2004: 549). 1938 жылы 17 қыркүйекте қамауға алынғандардың істерін қарау үшін арнайы үштіктер құру туралы бұйрық қабылданды (Сенкин, 2000: 748–749). Онда «бірінші санат бойынша арнайы үштіктердің шешімін дереу орындау ерекше атап өтілген. КСРО-дағы жаппай қуғын-сүргін мен террор кезінде тек Қазақстанда ғана 20–50-жылдары жылдары 118 мыңға жуық адамды мемлекеттік қылмыстар жасады» деп негізсіз айып тағылды (оның 20 % – ы ең жоғары жазаға кесілген). КСРО-да саяси қуғын-сүргіннің бір түрі халықтарды күшпен жер аударып депортацияға ұшыратты. Бұлардың ішінде жеті халықты автономияларынан айырды. Немістер, қарашайлар, қалмақтар, ингуштар, шешендер, балқарлар. Бұдан бөлек қырым татарлары финдер, корейлер, месхеттік түріктер де осы саясаттың құрбаны болды.

1952 жылы санақ қорытындысы бойынша Қазақстанға жазықсыз қоныс аударған халықтар саны 919 261 адам есепте тұрған оның 231 163 ер адам, 340 258 әйел, 347 840 балалар болған. Жазықсыз құрбандарды ақтау процесі ұзақ уақыт бойы жүргізілді. Әлі толық аяқталмаған саяси бағасын толық алмағандардың саны өте көп. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Осы мәселе болашақ ұрпақ үшін тарихи әділеттілікті қалпына келтіруде өте қажет.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақалада ұсынылған саяси қуғын-сүргіннің зардаптарына арналған деректер Қазақстандағы қасіретті кезеңнің жалпы динамикасы мен кеңестік жазалаудың сипатын ашып көрсетуге арналды. Дегенмен бұл мәселенің толық аяқталғанын білдірмейді. Бұл кезең әлі де жаңа зерттеулерді қажет ететін, шешуі күрделі кезең. Қазақ тарихының қанды ғасыры артта қалса да, қазақ халқы тоталитарлық жүйе алып келген демографиялық, әлеуметтік, психологиялық ауыр зардаптарды күні бүгінге дейін терең сезініп отыр. Бүгінгі

таңда қоғамымызда тарихи сананы жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы бағыттың зерттелуіне атсалысу мақсатында тарихи кезеңнің мәселеге қатысты құпия болып келген мұрағаттардағы деректерін отандық ғалымдардың пікірлерімен, шетелдердегі деректермен салыстырып, ғылыми айналымға енгізуге тырыстық. Ұсынылған мәліметтер келешек ұрпақтың санасына тарихи ақиқаттарды сіңіріп, дұрыс қалыптасуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

5-Fund (Central Executive Committee of the Kazakh Assr)

30-Fund (Council of people's commissars of the Kazakh Assr) (Kazhcc) Fund

44 (Zhetysu regional administration)

1380-Fund (Central Commission for assistance to the hungry under the Executive Committee)

PA RK – archive of the president of the Republic of Kazakhstan

140 fund (Kyrgyz (Kazakh) Regional Bureau of the Central Committee of the RCP(B)) 141-Foundation(VKP (B)

Kazakh regional party committee (Kazkraikom).

718-fund (RCP (B) Kyrgyz (Kazakh) Regional Control Commission)

AkMA – State Archive of Almaty

174-fund (Almaty city executive committee)

NSC RK – Archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan

Fund 49 (Special Department of the people's Commissariat of Internal Affairs (NKVD) of the Kazakh SSR) Fund

112 (documents on counter-revolutionary acts and banditry)

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві

5-қор (Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті)

30-қор (Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесі) (ҚазХКК)

44-қор (Жетісу облыстық басқармасы)

1380-қор (Атқару Комитеті жанындағы ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі орталық комиссия)

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

140 қор (РКП(б) Орталық Комитетінің Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросы)

141-қор (ВКП(б) Қазақ өлкелік партия комитеті (Казкрайком).

718-қор (РКП (б) Қырғыз (Қазақ) облыстық бақылау комиссиясы)

АқМА – Алматы қаласы Мемлекеттік Архиві

174-қ., (Алматы қалалық атқару комитеті)

ҚР ҰҚКА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві

49 қор (Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) ерекше бөлімі)

112-қор (Контрреволюциялық бой көрсетулер мен бандитизм туралы құжаттар)

References

Aldajumanov, 2023 — *Aldajumanov Q. S. Kenestik Qazaqstandagy aleumettik және etnikalyq qaqtyğystyr tarihyның тағылымы* (Lessons from the history of social and ethnic conflicts in Soviet Kazakhstan). Collective monograph by Q. S. Aldajumanov, M. Ş. Qalybekov, G. K. Kokebaeva, O. M. Qonyratbaev, S.M. Borbasov, E.İ. Stamşalov, S.Q. Shildebai, A. Qali. Almaty: "Liter-M" JSS, 2023. 320 p. (In Kaz.).

Aidarbekova, 2023 — *Aidarbekova R. K. Kniga pamäti jertv politicheskikh repressi: sbornik vospominani postradavşih ot politicheskikh repressi 20–50-h godov XX veka* (Book of memories of victims of political repressions: a collection of memories of victims of political repressions of the 1920s-1950s). Comp. R.K. Aidarbekova, K.N. Baltabaeva et al. Almaty: "Liter-M", 2023. 712 p. (In Russ.).

Aiagan, 2012 — *Aiagan B. G. Pravda o golode1932-1933 godov* (The Truth About the Famine of 1932-1933). Almaty: "Litera-M" LLP, 2012. 336 p. (In Russ.).

Abylhojin, 1989 — *Abylhojin J. B., Kozybaev M. Q., Tatimov. M. B. Kazakstanskaia tragedia* (Kazakhstan tragedy). Voprosy istorii. No. 7. 1989. P. 18. (In Russ.).

Arendt, 1996 — *Arendt H. İstoki totalitarizma* (The origins of totalitarianism). TYransl. From Eng. İ.V. Borisova, İu. A. Kimeleva, et al. Ed. M. S. Kovaleva. Moscow: SentrKom, 1996. 672 p. (In Russ.).

- Ablajei, 2019 — *Ablajei N. N., Potapova N. A.* "Nasionalnye" operatsii Bol'shogo terora: ierarhia polnomochii vlasti i karatelnyh organov v sentre i na periferii ("National" operations of the Great Terror: the hierarchy of powers of the authorities and punitive bodies in the center and on the periphery). Mir Bolsogo Altaia. 2019. No. 5 (2). P. 154. (In Russ.).
- Abylgojin, 1993 — *Abylgojin J. B., Kozybaev M. Q., Aldajumanov Q. S.* Kolektivizatsia v Kazahstane: tragediia krestianstva (Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry). Almaty, 1992. 355 p. (In Russ.).
- Äbdıǵalııly, 2021 — *Äbdıǵalııly B.* Aşarsylyq. Golod. 1928–1934. Dokumentálnaia hronika: kuägerler estelikteri, aşarsylyq turaly jazylǵan kitap-jinaqtar materialdary, körkem ädebiyet üzındileri (Famine 1928–1934. Documentary chronicle: eyewitness memoirs, materials from books and collections about the famine, excerpts from fiction). Jauapty redaktor-qūrastyrūşy B. Äbdıǵalııly. Nūr-Sūltan: Foliant, 2021. 604 p. (In Kaz.).
- Berdenova, 2023 — *Berdenova K. A., Tūrysjanova R. K., Popova T. M.* Qazaqstan tarihy: oqulyq (History of Kazakhstan: textbook). Qaraǵandy: "VTL-KZ" LLP, 2023. 238 p. (In Kaz.).
- Cameron, 2018 — *Cameron S.* Golodnaia step', nasilie i sozdanie Sovetskogo soiuza nauchnoe izdania (The Hungry Steppe: Violence and the Creation of the Soviet Union (a scientific publication)). Transl. from Eng. A. Tereşenko. Moscow: NLP, 2020. 306 p. (In Russ.).
- Conquest, 1994 — *Conquest R.* Soñǵy imperia (The Last Empire). London, 1962, 21 p. Qazaqtar şetel ädebiyetinde. Almaty: Atamūra, 1994. 151 p. (In Kaz.).
- Conquest, 1991 — *Conquest R.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine. Publishing house Rakstnieks, 1991, 416 p.
- Galiev, 1989 — *Galiev A.* Golod v Kazahstane 1932-1933 gg. (Famine in Kazakhstan 1932-1933). Zarä. 1989. No. 11. P. 11–16. (In Russ.).
- Dulatov, 1995 — *Dulatov M.* Qazaqstandaǵy qoǵamdyq saiasi qyzmet jäne oǵan menıñ qatynasym jöninde (About public political activity in Kazakhstan and my attitude to it). Zañ-1995, 21 qañtar. (In Kaz.).
- Zulkaşeva, 2018 — *Zulkaşeva A. S.* Tragediia kazahskogo aulı. 1928–1934 (The Tragedy of the Kazakh Village. 1928–1934). Vol 1. 1928 – April 1929. Collection of documents. Comp. A. S. Zulkasheva, et al. Almaty: Rapitet, 2018. (In Russ.).
- İvniski, 1994 — *İvniski N. A.* Kolektivizatsia (Collectivization). Moscow: İnterpraks, 1994. 64 p. (In Russ.).
- İsahan, 2013 — *İsahan G. T.* Tragediia kazahskogo aulı. 1928-1934 g. g. (The Tragedy of the Kazakh Village. 1928–1934). Vol 1. 1928 – April 1929. Collection of documents. Comp. A. S. Zulkasheva (ex. ed.), G.T. İsahan, G.M. Karataeva Almaty: 2013. 350 p. (In Russ.).
- Kindler, 2017 — *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vläst i golod v Kazahstane (Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan). Transl. from Germ. L. İu. Pantina. Moscow: Politicheskaiia ensiklopedia, 2017. 84 p. (In Russ.).
- Kokurin, 2000 — *Kokurin A. İ., Petrov A. İ.* GULAG (Glavnoe upravlenie lagerei) 1917–1960 (GULAG (Main Administration of Camps) 1917–1960). Comp. A. İ. Kokurin, N. V. Petrov. Moscow: MFD, 2000. 889 p. (In Russ.).
- Köşim, 1997 — *Köşim D.* Demokratia negızderine kırıspe (Introduction to the basics of democracy). Almaty: Toǵanai T, 1997. 255 p. (In Kaz.).
- Nūrpeisov, 1995 — *Nūrpeisov K.* Alaş häm Alaşorda (Alash and Alashorda). Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 1997 — *Omarbekov T.* XX ğ. 20-30 jj. Qazaqstan qasıretı (The tragedy of Kazakhstan in the 1920s-1930s). Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.).
- Omarbekov, 2004 — *Omarbekov T.* Qazaqstan tarihyna jäne tarihnamasındaǵy ülttyq közqaras (National perspective on the history and historiography of Kazakhstan). Almaty: Qazaq universiteti, 2004. 388 p. (In Kaz.).
- Qarasaev, 2004 — *Qarasaev Ğ. M.* Qazaqstan jäne Altai öñiri XVIII-XX ğǵ (Kazakhstan and the Altai region in the 18th-20th centuries). Altai ölkesi derekterinen. Öskemen. Media-Äläns, 2004. 392 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1992 — *Qozybaev M. Q.* Aqtañdaqtar aqiqaty (The truth about white people). Oqu qūraly. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 272 p. (In Kaz.).
- Roginski, 2011 — *Roginski A.* Pämät o stalinizme (Memory of Stalinism). İstoria stalinizma: itogi i problemy izucheniia: Materialy mejdunarodnoi nauchnoi konferensii. Moscow, 5-7 December, 2008. P. 21. (In Russ.).
- Toqaev, 2021 — *Toqaev Q. -J.* Täuelsizdik bärnen qymbat (Independence is more precious than anything). Egemen Qazaqstan. 2021.5 May. (In Kaz.).
- Sarqūlova, 2018 — *Sarqūlova S.* XX ğ. basyndaǵy qazaq kıtapı: ideialar tarihy men taǵdyry (Kazakh books of the early 20th century: the history and fate of ideas). Almaty: Eltanym, 2018. 208 p. (In Kaz.).
- Särkenova, 2011 — *Särkenova K.* 1920-1930 jyldardaǵy Qazaqstan halqy: ğylymi zertteu. (The population of Kazakhstan in the 1920s-1930s: a scientific study). Almaty, 2011. 350 p. (In Kaz.).
- Smaǵūlova, 2011 — *Smaǵūlova S.* Qazaq merzımdı baspasözi: syǵu tarihy men derektık mañyzy (XX ğ. 20-30 jj) (Kazakh periodicals: history of origin and documentary significance (20-30s of the XX century)). Almaty: Eltanym, 2011. 432 p.
- Sydykov, 1998 — *Sydykov E.B.* Rosisko-kazahstanskıe otnoşeniia na etape stanovleniia totalitarnoi superetnicheskoi derjavı (Russian-Kazakh relations at the stage of formation of a totalitarian super-ethnic power). Almaty: Gylım, 1998. 86 p. (In Russ.).
- Senkin, 2000 — *Senkin P. E.* Pämät: jertvy politicheskıh repressi (Memory: Victims of Political Repression). Comp.: P. E. Senkin, F. P. Saraev. Saransk: Mordovskoe knijnıoe izdatelstvo, 2000. 864 p. (In Russ.).
- Tatimov, 1998 — *Tatimov M. B.* Sosiálnaia obuslovlennost demograficheskıh prosesov (Social determination of demographic processes). Alma-Ata: Nauka, 1998. 224 p. (In Russ.).

Haustov, 2004 — *Haustov V. N.* Lubänka. Stalin i Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD (Lubyanka. Stalin and the Main Directorate of State Security of the NKVD). Arhiv Stalina. Dokumenty vyssih organov partinoi i gosudarstvennoi vlasti. 1937-1938. (Stalin's Archive. Documents of the highest organs of party and state power. 1937-1938). Comp. V. N. Haustov, V. P. Naumov, N. S. Plotnikova. Moscow: MFD, 2004. 736 p. (In Russ.).

Şoqai, 2007 — *Şoqai M.* Stalin sosializmi- tonausylyqty qamtamasyz etetin saiasi jüie (Stalinist socialism is a political system that ensures plunder). Tañ. şyğ. 3-vol. edition. Vol. 2. Almaty: Kainar, 2007. 255 p. (In Kaz.).

İakovenko, 1997 — *İakovenko M. M.* Agnessa. Ustnye rasskazy Agnessy İvanovny Mironovoi (Agnessa. Oral histories of Agnessa Ivanovna Mironova). Moscow: Zvenä, 1997. 193 p. (In Russ.).

İakovlev, 2004 — *İakovlev A. N.* Lubänka. Stalin i Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD (Lubyanka. Stalin and the Main Directorate of State Security of the NKVD). Arhiv Stalina. Dokumenty vyssih organov partinoi i gosudarstvennoi vlasti. 1937-1938 (Stalin's Archive. Documents of the highest organs of party and state power. 1937-1938). Ed. A. N. İakovleva. Comp. V. N. Haustov, et al. Moscow: MFD, 2004. 736 s. (In Russ.).

Әдебиеттер

Алдажұманов, 2023 — *Алдажұманов Қ.С.* Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстыр тарихының тағылымы /Ұжымдық монография Қ.С. Алдажұманов, М.Ш. Қалыбеков, Г.К. Көкебаева, О. М. Қоңыратбаев, С. М. Барбасов, Е. И. Стамшалов, С. Қ. Шілдебай, А. Қали. Алматы: «Литер-М» ЖШС, 2023. 320 б.

Айдарбекова, 2023 — *Айдарбекова Р. К.* Книга памяти жертв политических репрессий: сборник воспоминаний пострадавших от политических репрессий 20–50-х годов XX века / сост. Р. К. Айдарбекова, К.Н. Балтабаева и др. Алматы: ТОО «Литер-М», 2023. 712 с.

Аяган, 2012 — *Аяган Б. Г.* Правда о голоде 1932-1933 годов. Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. 336 с.

Абылхожин, 1989 — *Абылхожин Ж. Б., Козыбаев М. Қ., Татимов. М. Б.* Казахская трагедия // Вопросы истории. №7. 1989. С. 18.

Арендт, 1996 — *Арендт Ханна.* Истоки тоталитаризма / Пер. с англ. И. В. Борисовой, Ю. А. Кимелева, и др. Под ред. М. С. Ковалевой. М.: ЦентрКом, 1996. 672 с.

Аблажей, 2019 — *Аблажей Н. Н., Потапова Н.А.* «Национальные» операции Большого террора: иерархия полномочий власти и карательных органов в центре и на периферии // Мир Большого Алтая. 2019. № 5(2). С. 154.

Абылгожин, 1993 — *Абылгожин Ж. Б., Козыбаев М. Қ., Алдажұманов Қ. С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алматы, 1992. 355 с.

Әбдіғалиұлы, 2021 — *Әбдіғалиұлы Б.* Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника: куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері / Жауапты редактор-құрастырушы Б. Әбдіғалиұлы. Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2021. 604 б.

Берденова, 2023 — *Берденова К. А., Тұрысжанова Р. К., Попова Т. М.* Қазақстан тарихы: оқулық. Қарағанды: «BTL-KZ» ЖШС, 2023. 238 б.

Галиев, 1989 — *Галиев А.* Голод в Казахстане 1932–1933 гг. // Заря. 1989. № 11. С. 11–16.

Дулатов, 1995 — *Дулатов М.* Қазақстандағы қоғамдық саяси қызмет және оған менің қатынасым жөнінде // Заң-1995, 21 қаңтар.

Зулкашева, 2018 — *Зулкашева А.С.* Трагедия казахского аула. 1928–1934. Том 1. 1928 – апрель 1929. Сборник документов. Сос. А. С. Зулкашева, и др. Алматы: «Рапитет», 2018.

Ивницкий, 1994 — *Ивницкий Н.А.* Коллективизация. М.: «Интерпракс», 1994. 64 с.

Исахан, 2013 — *Исахан Г.Т.* Трагедия казахского аула. 1928–1934 г. г. Том-1. 1928-апрель 1929. Сборник документов. Сост. А. С. Зулкашева (ответств.) Г.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. Алматы: 2013. 350 с.

Камерон, 2018 — *Камерон Сара.* Голодная степь: насилие и создание Советского союза (научное издания) / Пер с англ. А. Терещенко. М.: НЛП, 2020. 306 с.

Қарасаев 2004 — *Қарасаев Ф.М.* Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғғ. (Алтай өлкесі деректерінен). Өскемен. «Медиа-Альянс», 2004. 392 б.

Киндлер, 2017 — *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной. М.: Политическая энциклопедия, 2017. 84 с.

Кокурин, 2000 — *Кокурин А. И., Петров А. И.* ГУЛАГ (Главное управление лагерей) 1917–1960 // Сост. А. И. Кокурин, Н. В. Петров. М.: МФД, 2000. 889 с.

Конквест 1994 — *Конквест Р.* Соңғы империя. Лондон, 1962, 21 б. // Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра, 1994. 151 б.

Көшім, 1997 — *Көшім Д.* Демократия негіздеріне кіріспе. Алматы: «Тоғанай Т», 1997. 255 б.

Қозыбаев, 1992 — *Қозыбаев М. Қ.* Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.

Нұрпейісов, 1995 — *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.

Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* XX ғ. 20-30 жж. Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.

Омарбеков, 2004 — *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихына және тарихнамасындағы ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 388 б.

Рогинский, 2011 — *Рогинский А.* Память о сталинизме // История сталинизма: итоги и проблемы изучения: Материалы международной научной конференции. М., 5-7 декабря 2008. с. 21.

- Conquest, 1991 – *Conquest Robert*. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine, 1991. Publishing house: Raxtnieks, 1991, 416 pages.
- Тоқаев, 2021 – *Тоқаев Қ. -Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат // *Egemen Qazaqstan*. 2021. 1. 05
- Сарқұлова, 2018 – *Сарқұлова С.* XX ғ. басындағы қазақ кітаптары: идеялар тарихы мен тағдыры. Алматы: «Елтаным», 2018. 208 б.
- Сәркенова, 2011 – *Сәркенова К.* 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы: ғылыми зерттеу. Алматы, 2011. 350 б.
- Смағұлова, 2011 – *Смағұлова С.* Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). Алматы: Елтаным, 2011. 432 б.
- Сыдыков, 1998 – *Сыдыков Е.Б.* Российско-казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной суперэтнической державы. Алматы: Ғылым, 1998. 86 с.
- Сенкин, 2000 – *Сенькин П.Е.* Память: жертвы политических репрессий / Сост.: П.Е. Сенькин, Ф.П. Сараев. Саранск: Мордовское книжное издательство, 2000. 864 с.
- Татимов, 1998 – *Татимов М.Б.* Социальная обусловленность демографических процессов. Алма-Ата: «Наука», 1998. 224 с.
- Хаустов, 2004 – *Хаустов В.Н.* Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938. сост. В.Н. Хаустов, В.П. Наумов, Н. С. Плотникова. М.: МФД, 2004. 736 с.
- Шоқай, 2007 – *Шоқай М.* Сталин социализмі- тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе. Таң. шығ. 3 томдық. 2 т. Алматы: «Кайнар», 2007. 255 б.
- Яковенко, 1997 – *Яковенко М.М.* Агнесса. Устные рассказы Агнессы Ивановны Мироновой. М.: Звенья, 1997. 193 с.
- Яковлев, 2004 – *Яковлев А.Н.* Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938. Под ред., А.Н. Яковлева сост. В.Н. Хаустов, и др. М.: МФД, 2004. 736 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҮСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШҮ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А.	
ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х.	
БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ	
В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А.	
ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан	
ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А.	
РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ:	
РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н.	
СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.:	
ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К.	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ	
КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М.	
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ	
В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ	
АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ»	
СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н.	
О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ	
ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М.	
ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ	
ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ	
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ	
МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М.	
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА	
В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ	
В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш.	
ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К.	
СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй